

Тасжарганов Сабит Игиликович, магистр, аға оқытушы  
«Алматы Менеджмент Университеті» ББМ  
Алматы, Қазақстан Республикасы

## МЕМЛЕКЕТ – ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ: МАЛАЙЗИЯ ЖӘНЕ СИНГАПУР ТӘЖІРИБЕСІ

Шын мәнінде, жаһандық дағдарыс тақырыбының айтылғанына да біраз уақыт болды. Бұл бағдарлама біріншіден, инфрақұрылымдық дамудың мемлекеттік бағдарламалары аясында экономикалық аласапыранға қарсы тұру шараларынан құралған. Екіншіден, II-ші бесжылдықта Индустрияландыру бағытын жалғастыруды қарастырады. Әлеуметтік саясат та нақты айқындалған. Сонымен бірге жаһандық қыр көрсетулер мен қауіп-қатерлердің тереңдігі сонша, олар әрбір мемлекеттің орнықтылығы мен табыстылығы туралы мәселені төтесінен қоюда. Сондықтан, біріншіден, мемлекеттік құрылысқа сыртқы факторлардың ықпал етуінің теріс сценарийлеріне жол берілмеуі тиіс. Екіншіден, экономикалық дамудың қол жеткізілген қарқынын сақтап қалуымыз қажет. Үшіншіден, ары қарай даму үшін жағдайлар жасау қажеттігі. Төртіншіден, әлемнің 30 дамыған мемлекеті қатарына ену мақсаты тұр. Елбасымыз ұсынған «Нұрлы жол» бағдарламасы мемлекетті тығырықтан шығарудың басты құжаты [1].

*Ел дамуындағы аса маңызды бес бағытты реформаға тоқталсақ:*

*Біріншіден* – экономикалық бағдарламалардың тиімді жүзеге асуын және мемлекеттік қызметтерді сапалы ұсынуды қамтамасыз ететін заманауи, кәсіби және автономды мемлекеттік аппаратты қалыптастыру міндеті. Өйткені, Мемлекеттік аппаратта белгілі бір тұлға айналасында командалар қалыптасады. Мұндай жағдай сыбайлас жемқорлық үшін жағдайлар туғызады, кадрлық әлеуетті төмендетеді. Бұл ретте мемлекеттік қызмет жалақысының төмендігі есебінен тартымдылығы аз сала болуда. Қазіргі кездегі мемлекет қызметшілерінің жалақылары жеке сектормен салыстырғанда әлде қайда төмен екені мәлім. Бұл өз кезегінде қосымша табыс көзін ідестіруге итермелейді. Сондықтан болар, Қосымша табысты жемқорлықпен ұштасып жататыны. Мемлекеттік қызметшілердің мансап сатысымен өсуінің нақты болашағының айқындығының жоқтығы жиі кездеседі. Ал қызметте жоғарылауы солсыбайлас тұлғаларға, «аға, көке, жәкелерге» байланысты болып отыр [1].

Сонан соң, мемлекеттік қызметте әрбір басшы төменнен бастап, меритократия қағидасы бойынша барлық басқарушылық сатыларын басып өтуі тиіс. Осы қабылданған реформа аясында бір жаналық – мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын төлеудің жаңа жүйесі енгізу. Бұл ретте жалақыны шенеуніктің, мемлекеттік қызметкердің еңбек өнімділігіне, басқарушылық үдеріске қосқан үлесіне байланысты төленуі қажет делінген. Яғни, әрбір жылдың қорытындысына сәйкес, саяси қызметшілерге қызметінің нәтижелеріне және экономикада жеткен табыстарына қарай бонустар, ал әкімшілік қызметшілерге сыйақы төлеу мәселесі қарастырылуы тиіс [1].

Оған қоса, Президент жұртшылық арасынан дарынды адамдарды іздеп, тауып, мемлекеттік қызметке тарту туралы айтты. Мемлекеттік қызмет – әділетті қазақстандық қоғамның айнасына айналғаны абзал. Онда этникалық тегіне қарамастан, өз қабілет-әлеуеттерін толық жүзеге асыруда барлық азаматтарға бірдей мүмкіндіктер ұсынылуы қажет деп айтылған еді [1].

*Екінші реформа* – заңның үстемдігін қамтамасыз ету. Осы арқылы меншік құқығына кепілдік беру, соттардың тәуелсіздігі арқылы экономиканың дамуына ықпал ететін меншік иесі құқығын сақталады, кәсіпкерлік үшін жағдай жасалып, келісім міндеттерін қорғауға кепілдік беріледі. Бұл ретте Елбасы судьяларды таңдау, оларға қойылатын кәсіби біліктілік талаптары – сот жүйесінің әлсіз тұстары екендігін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, судьялар жабық корпорацияға айналмауы тиіс керісінше, қоғамға ашық болуы керек. Бұл ретте Елбасы ашық болу мәселесін судьялар қатарындағы коррупцияға қарсы дәрімен тенеді. «Судьялар сот жүйесінде кемінде 5 жыл істеген болуы қажет. Олар қатаң іріктеуден өтуі шарт және аз дегенде 1 жыл тәжірибеден өтуі қажет. Жаңадан алынған судьялар бір жыл тәжірибелік мерзімде болуы тиіс және оқудан соң сынақ тапсырып, ең мықты дегендері қызметке алынуы қажет», – деді Елбасы. Сонымен қатар, сот процестері ашық, яғни бейне камера мен таспаларға түсеріліп, әрбір сот залының алдында теледидарлар орнатыла бастайды [1].

*Үшінші бағыттағы реформа* – экономиканы әртараптандыруға негізделген индустрияландыру және экономикалық өсім. Бұған қатысты Елбасы индустрияландыру мен өңдеуші сектордың әлі күнге экономикалық өсімнің нағыз драйверлеріне айналмай отырғанын алға тартып, мұның байыбына терең баруды Үкіметке ескертті. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауда оқшылықтар орын алып отырғанын атап өтті. «Аграрлық секторға бюджеттен қомақты қаржы бөлінуде, олар қосымша құны төмен өнімдердің өндірісін субсидиялауға жұмсалып жатыр. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілеріне түсетін салықтық жүктеме жоққа тән. Алайда, жаңа кешенді бағдарлама негізінде ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу секторы дамымай отыр. Осы тұрғыда өңдеу саласында трансұлттық компаниялардың қатысуымен шамамен 10 ірі жобаны жүзеге асыруға кірісуіміз керек», – деді Н. Назарбаев [1].

*Төртінші реформа* – бірыңғай болашақ ұлтын қалыптастыру. Шындығында, бүгінгідей аласапыран заманда қоғамда саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтау саясаты мейлінше маңызды. Бұл жолда Қазақстанның қалыптасқан өзіндік үлгісі де баршылық. Бірқатар ұлт өкілдері Қазақстанның ортақ шаңырағы астында бас қосып, бүкіл әлем үшін ынтымақ пен берекенің үлгісіне айналды. Қазақстан бейбітшіліктің ордасы ретінде әлемге кеңінен таныла бастады. Міне, осыны одан сайын берік ете түсу керек. Елбасы да қазақстандық бірыңғайлы-

лықты ары қарай нығайту туралы айтқанда, бұны азаматтық қағидатқа негіздеудің қажеттілігін алға тартты. «Барлық азаматтар құқықтың бірдей көлемін пайдаланатын, бірдей жауапкершілік жүгін арқалайтын және тең мүмкіндіктерді иеленетін болады. Азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, ғұламалық және білімпаздық культі, зайырлы ел – толерантты ел, міне, Мәңгілік ел идеясы базасындағы топтастырушы құндылықтар осы. Бұл жағдайда азаматтық – орнықты және табысты мемлекеттің ең сенімді іргетасына айналады», – деді Мемлекет басшысы [1].

*Реформаның бесіншісі* – транспарентті және есепті мемлекет. Бұл бағытта Елбасы қазақстандық қоғамның өзгерістерге кезең-кезеңмен бейімделіп жатқандығын айтты. «Шындығында, әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, қуатты мемлекет қалыптастырып, либералды дамыған қоғам құру үшін елдің 40-50 жылды қамтитын тұрақты алға жылжуы қажет. Біз де соған бара жатырмыз. Мен ұсынған шаралар Қазақстандағы қоғамдық қатынастар жүйесін түбегейлі өзгертеді», – деді Мемлекет басшысы. Елбасының пайымынша, көптеген елдердің тәжірибесі көрсеткеніндей, «алдымен – күшті мемлекет пен экономика, сосын – саясат» қағидатының бұзылуы апаттарға соқтырып жатыр [1].

Мұндай реформаларды бастан сәтті өткізген «Шығыс Азия барыстары» – Сингапур, Малайзия мысал бола алады. Бұл елдер соңғы 30 жыл ішінде экономикалық даму жағынан ғаламат өзгерістер жасау арқылы алдыңғы қатарлы дамыған елдер санатына кіріп барлық елдерді таң қалдырып, өзіне қаратып отыр.

Малайзияда қазіргі таңда «Перспектива – 2020» бағдарламасы іске асырылып жатыр. Ол бес жылдық кезеңдерге бөлінген. Оның прототипі біздің «Қазақстан 2030» және «Қазақстан 2050» стратегиялары. Олардың стратегиясын мен идеологиясын Малайзияның барлық жерлерінен, тіпті аялдамаларына көруге болады. Онда «1» деген белгі тұрады. Ал ол болашақта даму деңгейі бойынша біз бірінші боламыз дегенді білдіреді. Қысқа мерзім ішінде көптеген өзгерістерді сәтті жүзеге асырып, 30 дамыған мемлекеттің қатарында. Малайзияда туризм саласы экономикасының басым бөлігін алады. Алайда, қаржы жүйесі, инновация, өндіріс, кластерлер, қызмет көрсету салалары өте жақсы дамыған. Оған қоса, біз қазір өзіміз жүзеге асырып жатқан, Еуропа мен Азия қақпасы мен «транзиттік хаб» жобаларын айтсақ болады. Сол арқылы Қазақстан Әлем шеберханасы – алып Қытай мен Еуропа арасын жалғап, жол ашуға бірталай жобалар іске асырылып та қойды. Бірақ та, мұндай тәжірибеқайдан келді десек, бұл біз мақала тақырыбының өзі айтып тұрғандай, жалпы шабыт беріп, арқау болған сол Малайзия мен Сингапур елдері. Малайзияда өз автоөндіріс бар (Proton). Мемлекет бұл салаға ерекше көңіл бөліп, қатаң салықтық режимдерді орнатып тастады. Мысалы, шетелден көлік әкелінсе, 300%-ға дейін салық төлейді. Малайзия өзінің транспорттық жолдарды сапалы, әрі ынғайлы етіп жасап, төлем алынатын жолдарды енгізіп, одан жақсы табыс алып отыр. Сөйтіп, Оңтүстік Шығыс Азияда Транзиттік «ХАБ» болып отыр. Кәсіпкерлікке жағдай жасалған. Басқа ел азаматтарына шектеулер бар. Стратегиялық маңызы бар объектер, ғимараттар, жерлер жалға беріліп, сатуға шектеулер қойылған.

Біздің ойымызша, мемлекеттік саясат, жалпы мемлекеттік менеджменттің рөлі айқын басым екені көрініп тұр. Мысалы, Сингапурды алсақ:

- Дүниеден озған елдің премьер-министрі Ли Куан Ю Сингапур үкіметін 1959 жылдан 1990 жылға дейін басқарды. Ол саясат сахнасында жемқорлықты түп-тамырымен жоюға бар күш-жігерін жұмсаған, қатал да қатыгез басшы ретінде танылды. Басқарудың мұндай тәсілі жемқорлықты жоюда таптырмас құрал бола білгені елдің қарыштап дамуынан көрініп тұр десек болады. Ол басқарған уақытта өз туыскандары да тергеуде болған. Ешқандай шенеунікке жеңілдік берілмеген еді [2]. Өзіміз қазір көріп отырғанымыздай бұл елде жемқорлық жоқтың қасы.
- Сингапур да ешқандай табиғи байлық жоқ. Бұл ел құмды да, ауыз суды да көршілерінен сатып алады. Бірақ сонда да бұл қала-мемлекетте көптеген тауарлар мен қызметтер, тіпті инновациялық тауарлар мен қызметтер өндіріліп жатыр.
- Сингапур – ірі қаржы орталығы болып табылады. Қаржы ұйымдарының көптігі жағынан әлемдік үштікке кіреді. Халықаралық қаржы ұйымдарының басым бөлігі Сингапурде шоғырланған. Сингапур валюта биржасының жылдық айналымы Лондон, Нью-Йорк және Токио биржаларынан кейінгі төртінші орында. Инфляция деңгейі 2-3% шамасында болса, ал Economist Intelligence Unit компаниясының зерттеуі бойынша, Сингапур Азия елдері арасындағы бизнес жүргізу рейтингінде көшбасшы ел болып саналады [2].
- Сингапурде шетел инвестициясы жақсы қорғалады. Оған ешқандай қауіп жоқ. Бұл жөнінен арал-мемлекет тек Швейцариядан кейінгі екінші орында. Шетелдік инвестиция негізінен электронды, электротехникалық және мұнай өңдеу өндірісі, қызмет көрсету салаларына құйылады [2].
- Елдегі орташа табыс – жылына \$34 мың [2].
- Бұл елде жүз мыңға тарта табысы миллиондап есептелетін қуатты адамдар бар (бұл әлемдегі бай адамдардың 3% жуығы). Қалада Kerrel Way дейтін аудан бар. Оны тұрғындар «миллионерлер кварталы» деп атайды [2].
- Сингапурде заңды тұлғаны тіркеу компьютер арқылы жүргізіледі. Ол бар-болғаны он минут уақытыңызды алады [2].
- Сингапур қаласындағы құрылыс нысандары әйгілі қытай философиясы Фен-Шуй канондарына негізделіп, адамға ерекше әсер етіп қана қоймай, қосымша қуат беретіндей етіп салынған деген пікір бар [2].

Ли Куан Ю: Сингапур сәттілік формуласы туралы былай дейді:

Ішкі нарығымыз кішкентай болғанына карамастан, біздің халқымыздың саны екі миллионнан астам болатын. Сингапурда шығарылатын автокөліктер, тоназытқыштар, кондиционерлер, теледидар және магнитофондарды протекционисттік шаралармен қорғауға кірістік. Соған қоса, сұйық май, косметика, москиттерді аулайтын

тор, шашқа арналған крем, дәретхана қағазы, тіпті нафталин шарын өндіретін кішігірім фабрикалардың бизнесмендерін де ынталандырдық. Тайвань және Гонконгтан инвесторларды тартып, ойыншықтар, тоқыма және дайын киімдерді өндіретін болдық [3].

Біздің алғашқы инвесторларымыз ағылшындықтар болатын. Британдық әскерлер Сингапурдан шығарылғаннан кейін, көптеген ағылшын компаниялары да кетіп қалды. Тек 70-ші жылдардың соңында, Сингапур не нәрсеге қабілетті екенін көргенде, олар қайтадан оралып, осы жолы, шикізат өндеп, сауданы ұйымдастыру емес, жоғарғы технологиялық өнімдерді, мысалы дәрі шығару сияқты өндірісті қалыптастыру үшін келді [3].

Біздің кемшіліктерімізді жою үшін екі жақты стратегияға жүгіндім: біріншіден, бізге дейін Израиль жасағандай, біздің аймақтан тыс жерлерге шығу. Бұл ой маған, 1962 жылы Сингапурға келген, БҰҰ дамытуға арналған бағдарламаның експертімен жүздесу барысында келді. Израильдықтар бізден ауыр қиыншылықтарды басынан кешіріп, елеп-ескермеген көршілерін, яғни арабтарды басып озып, Америка және Еуропамен сауда-саттықпен айналысқан болатын. Сол сияқты біздің көршілеріміз де, бізбен қарым-қатынасын үзгендіктен, Сингапур дамыған елдер – Америка, Еуропа, Жапониямен сауда-сатық байланысын орнатып, олардың өндірушілерін Сингапурда кәсіпорын жасауға қызықтыру керек еді. Екіншіден, «үшінші әлемде», дамыған елдердегідей оазис жасау. Көршілес елдермен соғысумен болғандақтан, Израиль жасай алмаған стратегия. Сингапур, дамыған елдер сияқты, жеке бас қауіпсіздігі, денсаулық сақтау, білім беру, телекоммуникация, транспорт, қызмет көрсету бойынша жоғарғы деңгейге жететін болса, онда біздің елде бизнеспен айналысатын инженерлер, кәсіпкерлер, менеджер және басқа да кәсіби мамандар үшін негізгі лагерьге айналатын еді. Бірақ, бұл біздің халық оларға сай дәрежеде қызмет көрсетуі керек деген сөз. Менің ойымша, халыққа мектеп, кәсіподақ, қоғамдық орталықтар және ұйымдар арқылы басқаша тәрбие қалыптастырып, ой-өрістерін дамытуға септігін тигізу мүмкін, қолдан келетін іс еді [3].

*Инвестицияны тартудағы басты рөлді өкімет алды.* Инфраструктураны жақсарттық, өнеркәсіптің дамуына қаржылай көмек көрсеттік, салық және экспорттық жеңілдіктер ұсындық. Жеке кәсіпкерлікті дамытуға көмектесу үшін, макроэкономикалық саясат жүргізіп, еңбек саласында жақсы қатынас орнату керек болды [3].

*Азиялық офшорлы доллар нарығында біздің жолымыз қарапайым басталды.* Бұл нарық «еуродоллар» нарығының аналогы болды, біз оны «азияттық доллар» деп атап кеттік. Алғашында бұл нарық, өнімдегі елдердің банктен несиелеу үшін, шет ел банктенің қорын тартып, Сингапурда қаржылық нарық операциясын жүргізді. Кейіннен «азияттық доллар» нарығы деноминацияланған шет ел валютасымен, шет елдік валюталар, фьючерстер, опциндар, бағалы қағаздармен сауда жүргізді, синдикатталған кредит беріп, облигация шығарып және инвестициялық қорларды басқарды. 1997 жылы «азияттық доллар» нарығында операцияның көлемі 500 миллион АҚШ долларынан асып түсті. Халықаралық сауда мен инвестиция Азия мен Сингапурды негізгі өнім ретінде жаулап, жаһандық сипат алғанына қарамастан, халықаралық қаржылық операция көлемі экспоненциалды өсті [3].

1968-1985 жылдар аралығында Сингапурдың өнімде бәсекелестері болмады. Біз халықаралық қаржы институттарының назарын резидент емес салымшылардың тапқан табысына салық салмау арқылы аудардық. Банктік резервтерді және нормативті өтімділікті есептеу барысында, «азияттық долларға» деноминацияланған барлық депозиттер ескерілмеді. 90-шы жылдардың соңында Сингапур әлемдегі ең ірі қаржы орталығына айналды. Валюталық операция көлемі бойынша Сингапур Лондон, Нью-Йорк және аз ғана Жапонияға жол береді [3].

*Сингапурдың жетістігі,* басқа елдердің де 80-ші жылдары өздерінің жеке қаржы орталықтарын дамытып, салыққа жеңілдік беруіне алып келді. Қаржылық орталықтың даму іргетасына, заң қағидаттарын сақтау, тәуелсіз соттың болуы және жүйелі макроэкономикалық саясат жүргізетін тұрақты, құзырлы, әділ өкіметтің болуы. Осының нәтижесінде импорттың инфляциясы төмендеп, *Сингапурлық доллар тұрақты және мықты валюта болды* [3].

*70-80 жылдар аралығында,* сайлау науқанының уақытында, сайлау округтерінде жаппай митинг кезінде сөз сөйлейтінмін, Фуллертон скверінде түскі 1-ден 2-ге дейін, қызметкерлермен жүздесе алу үшін, сол жерде де сөз сөйлейтінмін. Кейде тропикалық нөсер жауатын, барлығы қолшатыр астында, мекеменің астына барып тұратын, алайда ешкім кетіп қалмайтын. Үсті-басымның барлығы су болып кетсе де, сөзімді тоқтамай жалғастырумен болдым. Қанша шылқылдап су болсам да, ешқашан суық тиіп ауырмаппын. Газет-журналдарда жазылған сөздерге қарағанда, теледидар арқылы айтылатын сөздер, халыққа әсерін көбірек тигізеді. Сондықтан халық алдында сөз сөйлеу, *менің саяси мансабымның мықты жағы болатын* [3].

*70-жылдары дарынды, білімді адамдардың татишылығы байқала бастады.* Жыл сайын шамамен 5% жоғарғы білімді адамдар эмиграцияланатын болды. Кейбіреулері, Сингапурда білімдеріне лайықты дәрежеде жетістікке жете алмаймыз десе, енді біреулері мансап сатысы тым баяу екенін айтып, қоныс аударып жатты. Дамып келе жатқан экономиканы білімді адамдармен қанағаттандыру үшін дарынды кәсіпкерлерді, білікті мамандарды, шығармашылықпен айналысатын адамдарды, жоғары квалификациялы жұмысшылардың талаптарын ынталандырып, оларды сақтап қалуға тырыстым. *1980 жылы екі комитет құрдық: біріншісі – оларды жұмыспен қамтамасыз етті, екіншісі – олардың әлеуметтік мәселелерін шешті* [3].

*1959 жылы өкімет мемлекеттік тіл – малай тілі болады деп шешті.* Біраз уақыттан кейін жұмысшылар тілі және халықаралық қатынастар тілі – ағылшын тілі болу керек екенін түсіндік. Халықаралық қоғамдастықтың орталығы бола тұра, Сингапур – малай, қытай, тамиль тілдері арқылы өмір сүре алмайтынын біліп, ағылшын тілін де мемлекеттік тілдер қатарына қостық [3].

Осы қарастырылған елдер тәжірибесінің көп жағын Қазақстан басшысы – Н.Ә.Назарбаев ескеріп, бағдарламалар, стратегиялар қабылдап, олар жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда Елбасымыз:

Жастарды оқыту мәселесі, яғни әлемдік деңгейдегі білім алуға мүмкіншілік жасап жатыр, әрине ол – «Болашақ» бағдарламасы.

Жақында қабылданған біз жоғарыда атап өткен «100 қадам» және 5 институционалдық реформа соның дәлелі. Индустриалды-инновациялық бағдарламалары.

Астана қаласын ірі қаржы орталығына айналдыру мәселесін көтерді.

Туризм, спорт, мәдениет, денсаулық сақтау саласы, жалпы экономиканы дамытудың басты даму векторын айқындап берді.

Мысалы, сол дамыған Сингапур, Малай елдерінде азаматтық соғыс болған. Себебі, олар мемлекеттік тілді – ағылшын деп белгілеген болатын. Олар ағылшындардың отарлары болғаны бәрімізге де мәлім. Сол мәселені ушықтырып, азамат соғысына апарған еді.

Ал Елбасымыз өзінің журналистерге берген бір сұхбатында, осы қанды оқиғаны ескеріп, осындай соғыс елімізде болмасын деп, орыс тіліне шектеу салмады. Тең дәрежеде қолданылсын деп ҚР Конституциясында бекітті [4].

Әрине, айта кетпеске болмайтын жасаған мәселе ол – Президентіміздің ұсынысымен құрылған Қазақстан Халқы Ассамблеясы еді. Сол дамыған мемлекеттерде соғыстар, жанжалдар болғанын білеміз. Бірақ Қазақстанда 130-ға жуық ұлт пен ұлыс [5] тату-тәтті өмір сүріп жатқаны, ол да Қазақ халқының дархандығы, кендігі, қонақжайлығы, бауырмашылдығы деп білеміз. Осындай өзгерістердің сәтті жүзеге асуы Елбасымыздың тағы бір көрегендігінің белгісі.

Алайда, қазіргі таңдағы Қазақстан дамуының басты басым бағыты болып, индустриалды-инновациялық даму жолы болғандықтан, осы салаға көңіл бөліп кетсек. Бірақ, 2014 жылдың 1 тамызынан бастап ҚР Президентінің тапсырмасымен жана 2015-2019 жылдарға арналған Индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының екінші бесжылдығы қабылданды. Оның негізгі индикаторлары: 2020 жылға дейін өңдеу саласында өнім көлемін 43 пайызға жеткізу; өңдеу саласында жалпы қосылған құнды кем дегенде 1,4 есеге арттыру; өңдеу саласында еңбек өнімділігін 1,4 есе арттыру; шикізаттық емес экспорт көлемі құнының 1,1 есеге арттыру; өңдеу саласының энергиялық сыйымдылығын 15 пайызға азайту; өңдеу саласында 29,2 мың адамға жұмыс орнын ашу [6].

Қазақстанның қазіргі кездегі инновация саласының даму деңгейін бағалау үшін, туындаған мәселелерін анықтау үшін, ең алдымен әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілік деңгейінің алып отырған орнына назар аударайық.

2015 жылғы 30 қыркүйекте Дүниежүзілік экономикалық форум (ДЭФ) 2015-2016 Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы жылдық есебін жариялады.

Рейтинг нәтижелері бойынша Қазақстан 4,49 орташа ұпаймен 42-орынды иеленіп, өз рейтингісін 8 сатыға жоғарылатты [7]. Биыл да көш басында сол баяғы Швейцария. Бұл ел соңғы 7 жыл қатарынан алдыңғы орынды иеленіп келе жатыр. Бастапқы бестікте мемлекет-қала Сингапур, АҚШ, Германия және Нидерланды сияқты елдер орын алып отыр. Дүниежүзілік экономикалық форумның 2015-2016 Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексында (ЖБИ) бағаланатын елдер саны 140-ты құрады (өткен жылы – 144). 2015 жылы деректерінің болмауымен байланысты рейтингке Ангола, Барбадос, Буркина-Фасо, Ливия, Пуэрто-Рико, Суринам, Шығыс Тимор және Йемен сияқты елдер қосылмады. Алайда, өткен басылымға кірмеген Бенин, Босния және Герцеговина, Эквадор және Либерия сияқты елдер ағымдағы жылы қайта енгізілген [7]. ЖБИ 114 көрсеткіш негізінде есептеледі, оның 34-і статистикалық деректер, ал қалғандары орта және ірі кәсіпорындар басшыларының бағасы негізінде есептеледі. 114 көрсеткіштен түрлі экономикалық даму деңгейлерінде орналасатын әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігін егжей-тегжейлі сипаттайтын 12 бәсекеге қабілеттілік факторлары анықталады [7].

Еңбек нарығының тиімділігі (18, 2014 жылы – 15) және макроэкономикалық орта (25-орын, 2014 жылы – 27) әлі де Қазақстанның бәсекелік артықшылықтары болып келе жатыр [7].

ДЭФ бағасына сәйкес, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі келесі факторлар бойынша орташа деңгейде: институттар – 50-орын (2014 жылы – 57), инфрақұрылым – 58-орын (2014 жылы – 62), жоғары білім және кәсіби даярлық – 60-орын (2014 жылы – 62), тауарлар нарығының тиімділігі – 49-орын (2014 жылы – 54), технологиялық даярлық – 61-орын (2014 жылы – 61) және нарық көлемі – 46-орын (2014 жылы – 52) [7].

Қазақстанның ең әлсіз тұстарына денсаулық сақтау және бастауыш білім – 93-орын (2014 жылы – 96), қаржы нарығының дамуы – 91-орын (2014 жылы – 98), компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі – 79-орын (2014 жылы – 91) және инновация – 72-орын (2014 жылы – 85) жатады. Алайда, бұл факторлар бойынша ағымдағы жылда айтарлықтай алға жылжу байқалады [7].

Ең жоғары өсу мынадай көрсеткіштер бойынша байқалды: халықаралық дистрибуцияны бақылау (2014 жылғы 91-орынға қарсы 60-орын), монополияға қарсы саясат тиімділігі (94-орынға қарсы 68-орын), сауда баждары (ставкалар мөлшері), % (101-орынға қарсы 73-орын), кеден рәсімдерінің ауыртпалығы (77-орынға қарсы 55-орын), ішкі нарықтағы өнім берушілер сапасы (108-орынға қарсы 88-орын), ғылыми-зерттеу ұйымдарының сапасы (99-орынға қарсы 81-орын), әкімшілік реттеудің ауыртпалығы (63-орынға қарсы 46-орын), миноритарлы акционерлер мүдделерін қорғау (63-орынға қарсы 52-орын), ішкі нарықтағы бәсекелестіктің белсенділігі (111-орынға қарсы 94-орын), бейресми төлемдер мен паралар (80-орынға қарсы 64-орын), мектептерде Интернетке қол жеткізу (56-орынға қарсы 41-орын) [7].

Персонал біліктілігін арттыру (62-орынға қарсы 76-орын), аргарлық саясаттың ауыртпалығы (57-орынға

қарсы 70-орын), венчурлық капиталға қолжетімділік (47-орынға 59-орын) сияқты көрсеткіштер бойынша позициялардың нашарлауы байқалады [8]. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің ересек халық арасында АИТВ таралуы (1-орын), ұялы байланыс абоненттерінің саны (7-орын), мемлекеттік артықшылық/тапшылық (10-орын), мемлекеттік борыш (12-орын), жұмыстан шығарумен байланысты шығындар (20-орын), шығыстарды орнатудағы икемділік (22-орын), жалақы және еңбек өнімділігі (22-орын) жоғары бағаланған [7].

Және де қазіргі кезде, дамудың басты бағыты инновация болғандықтан, ұлттық инновациялық жүйені дамыту жалғасуда. Инновациялық жаңғыртуға бағытталған, Елбасының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы халыққа жолдауында әлемдік дағдарыс пен өзгерістерге байланысты бірталай бастамалар жасалды [8]. Сол жолдауда инновациялық дамуға ерекше назар аударылды. Мысалы, Н.Ә.Назарбаев технология трансфертін жасау үшін халықаралық деңгейдегі 2017 жылы Астана қаласында өтетін «Болашақ энергиясы» (Astana EXPO 2017 – «Future energy», Kazakhstan) атты мега жоба өткізу жоспарланып, келесі жылы өткізіледі [8]. Жобаның мақсаты – әлем елдерінің озық технологияларымен танысу мен өзімізде пайдалануға мүмкіндік жасау, өзіміздің жетістіктерді көрсету, тәжірибемен бөлісу, еліміздің атын шығару, туризмге жол ашу, сервис менеджментті дамыту. Сонымен қатар, қазір параллелді түрде Астана, Алматы қалаларында қосымша әуежайлар салу көзделіп отыр. Бұл көрмеге 5 млн. турист келеді және оның 85%-ы қазақстандықтар, ал 15%-ы шетелдіктер болады деп жоспарлануда. Оған қоса, мейрамхана және қонақ үй бизнесінің дамуына өз серпінін беретінін ескерген жөн. Жалпы құрылыс аумағы – 174 га., ал объекттер аумағы – 1 млн. ш.м. алады. Көрмеден 283 млн. евро түседі деп күтілуде. Astana EXPO 2017 – «Future energy», Kazakhstan халықаралық көрмесіне 100 мемлекет, 10 халықаралық ұйым және инновациялық технологиялар көшбасшы компаниялары қатысады деп жоспарлануда [9]. Бірақ та, сол көрмені өткізуге байланысты қаржыны жымқырды деген ақпараттар жиі айтылып жатыр.

Біздің ойымызша, Қазақстан экономикасын кері тартып жатқан басты проблема ол жемқорлық. Мұндай проблеманы шеше білген Сингапурлық үлгіні пайдалануымыз керек деп есептейміз. Заң алдында барлығы бірдей болу керек. Жемқорлық (The Corruption Perceptions Index) көрсеткіші бойынша 1995 жылдан бүгінгі күнге дейін жасалынған деректерге сүйенсек, Сингапур – 8 орын, Малайзия – 54 орын, ал Қазақстан тек 123 орында! [10].

Мысалы, Елбасымыз «Қазақстан 2030» сосын «Қазақстан 2050» стратегияларын қабылдаған болатын. Алғашында, халық «Сонша қатты дамып кеттік пе? Әлде барлық көрсеткіштерге қол жеткізіп қойдық па?» – деп көп сындар айтылған болатын.

Қазіргі шенеуніктердің іс-әрекеттерін, жалпы ойларын болжап, өздігімізше түсіндіріп көрейік. Мысалы, компания басшылары ай сайын миллиондап (доллармен есептегенде) ақша табады, ал мен осындай қызметте тұрып, осыншама аз ғана ақша табам. Бұл қалай болғаны? – деп ойлайтын секілді. Сөйтіп, бірі қанағатсыздықтан, бірі аз жалақының себебінен жемқорлыққа баратын секілді. Мысалы, мұндай мәселені сингапурлықтар былай шешті: олар мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын жоғарылатты. Мысалы, судьялардың жалақылары жылына 1990 жылдары 1 млн. доллардай болды [11]. Ал Қазақстандық судьялардың жалақысы 500 мың тг. дейін [12].

Ойланып қарасақ, қазақта «Елу жылда – ел жаңа» дейді-мыс. Сондықтан болар, ұзақ мерзімдерге қабылданғаны осы бағдарламалардың, оның үстіне жастар озық білім алысын, жанаша ойлайтын болсын, елге үлесін қоссын деген сеніммен «Болашақ» бағдарламасы қабылданғанына көзіміз жетіп отыр. Қабылданған 5 институционалдық реформа да соның дәлелі. Осы жерден Елбасымыздың көшбасшы, көреген тұлға екенін тағы бір мәрте айтуға болады.

Қорыта айтқанда, осы мақалада бірқатар елдердің нақты тәжірибесі мен мемлекеттік басқару моделдері, бағдарламалары, олардың түпкі мақсаты мен философиясы салыстырмалы қарастырылды. Оған қоса, Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингісі талданып, жүзеге асырылатын мега жоба – Astana EXPO 2017-ге де шолу жасалынды. Нәтижесінде басқа елдерге қарағанда, сандық және сапалық көрсеткіштер бойынша айырмашылықтарға және көптеген бағдарламалардың ұқсастықтарына көз жеткіздік. Озық тәжірибелердің біздің елге енгізіліп жатқанын байқамау мүмкін емес. Қазіргі таңда үлкен қарқынмен дамып келе жатқан Сингапур, Малайзия, Жапония, Корея сынды мемлекеттердің экономикасының негізгі қозғаушы күштері биліктің дұрыс, әрі тиімді экономикалық саясатында деп санаймыз. Бұл жерде биліктің де, халықтың да, даму бағытының да рөлі орасан зор. Бәрімізге мәлім, Сингапур және Малайзия бұрынғы Ағылшындардың отары болғаны оларға ағылшын тілін меңгеруге өлкенің себебін тигізген еді және Малайзия халқының 26%-ға жуығы [13], ал Сингапур халқының 75,3%-ы [14] қытайлықтар екенін ескеру қажет. Жалпы, олардың сәттілік формуласы – еңбекқорлық, ресурстарды үнемді, рационалды пайдалануында, әрі инновацияларды енгізу арқылы баламалы жаңа ресурстарды, шикізаттарды, тауар мен қызметтерді ойлап табуында. Бұл елдердің сәтті дамуының тағы бір кілті ол – «қытайлық еңбек сүйгіштік және британдық менеджмент», – десек дәл айтамыз.

Біздің ойымызша, келесідей проблемалар байқап, оларды шешу жолдарын ұсынамыз. Көптеген алғышарттар жасалғанымен, олқылықтар басым. Сондықтан, Қазақстанның болашағы үшін мемлекет тарапынан *біріншіден*, ресурстарды тиімді пайдалануды қолға алу қажет, шикізаттық бағыттан шығып, өндірістік елге айналуымыз керек. Мұның себебі, былтыр ғана болып өткен девальвация соның нақ айғағы. Өйткені көптеген тауарлар сырттан келеді. Өз нарығымызды өзіміз қамтамасыз еткеніміз абзал. *Екіншіден*, индустриалды-инновациялық даму бағдарламасына қарасаңыз, шынайы инновациялық жобалар жоқтың қасы. *Үшіншіден*, сандық емес, сапалық көрсеткіштерге бағытталу қажет, себебі қаншама заңдар мен бағдарламалар шығып жатса да, олқылықтар жоғары көрсеткіштерге қол жеткізбедік. *Төртіншіден*, туризм, мейрамхана, ойын-сауық, инновациялар мен технологиялар трансферті салаларына, жалпы экономикаға серпін береді деген мега жоба – Astana EXPO 2017 төңірегінде болып жатқан оқиғалар көңілден шықпай отыр. Сол себептен, Қазақстан дамуында аса маңызды мәселе – жемқор-

лық деп есептейміз. Бұл ретте мемлекет қатаң қадағалау жүйесін енгізуі және оған қатысты заңдарды қатайтуы, яғни заң алдында барлығы бірдей болуы керек. *Бесіншіден*, мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын көтеруі қажет екенін айтамыз. *Алтыншыдан*, біздің елдің санасы өзгеруі қажет.

Дегенмен, бұл мәселелерді шешуге байланысты жасалынып жатқан жұмыстар баршылық. Жакын болашақта айтылған мәселелер шешімін тапса, нәтижелерін көреміз деген сенім білдіреміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қ.Тоқтаров // «Бес институционалдық реформа – бірзіділікпен баратын берік кадамға айналуы тиіс». 13.03.2015 көру режимі: [http://bnews.kz/kz/news/archive/analitika/bes\\_institutsionaldik\\_reforma\\_birzidilikpen\\_baratin\\_berik\\_kadamga\\_ainalui\\_tiis-2015\\_03\\_13-1130957](http://bnews.kz/kz/news/archive/analitika/bes_institutsionaldik_reforma_birzidilikpen_baratin_berik_kadamga_ainalui_tiis-2015_03_13-1130957)
2. Бәйтерек ҰБХ // «Сингапур туралы не білеміз? «Шығыс азия барысы» топтығына кіретін мемлекетке қатысты біз білмейтін он мәлімет» көру режимі: <http://www.damu.kz/18222>
3. Ли Куан-Ю // «Сингапур тарихы» көру режимі: <http://zhanaoi.kz/blog/56>
4. ҚР Конституциясы 1995 жыл.
5. ҚР Статистика жөніндегі Агенттігі [Stat.gov.kz](http://Stat.gov.kz)
6. Әділет. Об утверждении Государственной программы индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы и о внесении дополнения в Указ Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 957 “Об утверждении Перечня государственных программ” Указ Президента Республики Казахстан от 1 августа 2014 года № 874
7. ДЭФ: көру режимі: [http://economy.gov.kz/kz/news/detail.php?element\\_id=68739](http://economy.gov.kz/kz/news/detail.php?element_id=68739)
8. ҚР Президентінің халыққа жолдауы: «Қазақстан -2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, 2012 жыл 14 желтоқсан
9. «Экспо в цифрах» // Деловой журнал: Капитал көру режимі: <https://kapital.kz/economic/41163/ekspo-2017-v-cifrah.html15.06.2015ж>
10. «Рейтинг стран мира по уровню восприятия коррупции» көру режимі: <http://gtmarket.ru/ratings/corruption-perceptions-index/info>
11. // «Сингапур и другие страны мира: Зарплата госслужащих и демократия, эффективность и отрицательный отбор» көру режимі: <http://echo.msk.ru/blog/kolokolcev/801247-echo/>
12. <http://www.diapazon.kz/aktobe/aktobe-city/49735-sudi-v-kazahstane-poluchayut-ot-180-do-500-tysyach-tenge.html>
13. Малайзия – государство в Юго-Восточной Азии, көру режимі: <http://dalniestrany.ru/malasia>
14. Этнография – Народы Юго-Восточной Азии // «Население Сингапура», көру режимі: <http://lib7.com/>